

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ**

**Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**В Е С Т Н И К**

**ГОСУДАРСТВЕННОГО  
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ ШАКАРИМА  
ГОРОДА СЕМЕЙ**

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
Х А Б А Р Ш Ы С Ы**

**ТЕХНИКА, БИОЛОГИЯ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ,  
ВЕТЕРИНАРИЯ, ТАРИХ, ЭКОНОМИКА  
ҒЫЛЫМДАРЫ**

Куәлік № 13882-Ж

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады*

*Журнал қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде  
шығады*

**ISSN 1607-2774**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор** – Ескендіров М.Ф., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Әмірханов Қ.Ж., техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Әпсәлямов Н.А., экономика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Атантаева Б.Ж., тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Вашукевич Ю.Е., экономика ғылымдарының докторы, профессор (Ресей, Иркутск);

Дүйсембаев С.Т., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Еспенбетов А.С., филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Кәкімов А.Қ., техника ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Кешеван Н., PhD, профессор (Англия, Лондон);

Кожебаев Б.Ж., ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы (Қазақстан, Семей).

Молдажанова А.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Астана);

Ребезов М.Б. – ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, (Ресей, Мәскеу)

Сандип Шарма – MBA, LLB, PhD (Үндістан, Нью-Дели)

Тоқаев З.Қ., ветеринария ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

Рақыпбеков Т.Қ., медицина ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан, Семей);

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Главный редактор** – Ескендіров М.Г. – доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Амирханов К.Ж. – доктор технических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Апсәлямов Н.А. – доктор экономических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Атантаева Б.Ж. – доктор исторических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Вашукевич Ю.Е. – доктор экономических наук, профессор (Россия, Иркутск);

Дүйсембаев С.Т. – доктор ветеринарных наук, профессор (Казахстан, Семей);

Еспенбетов А.С. – доктор филологических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Какимов А.К. – доктор технических наук, профессор (Казахстан, Семей);

Кешеван Н. – PhD, профессор (Англия, Лондон);

Кожебаев Б.Ж. – доктор сельскохозяйственных наук (Казахстан, Семей);

Молдажанова А.А. – доктор педагогических наук, профессор (Казахстан, Астана);

Ребезов М.Б. – доктор сельскохозяйственных наук (Россия, Москва);

Сандип Шарма – MBA, LLB, PhD (Индия, Нью-Дели);

Тоқаев З.К. – доктор ветеринарных наук, профессор (Казахстан, Семей);

Рахыпбеков Т.К. – доктор медицинских наук, профессор (Казахстан, Семей).

## ТАМБОВ ОБЛЫСЫНДА «ЛИССАБОН» СОЯ СҰРЫПЫНЫҢ ДӘНДЕРІН ЕГУ ӘДІСІ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ДАЛА ТӘЖІРИБЕСІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

С.Г. Хайруллина, В.П. Капустин, А.В. Балашов, С.В. Дидоренко

Мақалада соя егу әдістерін зерттеу бойынша жүргізілген дала тәжірибесінің нәтижелері келтірілген.

Патенттелген әдебиет пен әр түрлі өңірлерде соя өндірудің заманауи технологияларының талдауы негізінде біздің тарапымыздан үзік-үзік сызықты, яғни ұялап себу әдісі ұсынылды. Бұл әдіс бойынша дәндер атыздағы ұяларға берілген арақашықтықпен әр ұяға бірнеше данадан біркелкі салынады. Сызықты егумен салыстырғанда, дәндерді атызға ұялап егу кезінде далалық өнгіштік артады, тұқымдардың жапа-тармағай өнгіштігі байқалады.

Зерттеу сызбаларындағы өсімдік сабағына егілген бұршақтарды санау кезінде екі дәнді бұршақтардың саны орналастыру сызбасы бойынша 30-дан 44%-ға дейін құбылғаны анықталды. Ал үш дәнді бұршақтардың саны қарастырылған сызба бойынша 52-66% болып белгіленді. Айта кететіні, бір дәнді және төрт дәнді бұршақтар 5%-дан асқан жоқ.

Орналастыру сызбасы бойынша бір өсімдіктегі екі дәнді бұршақтар 10-нан 70 данаға дейін құбылса, үш дәнді бұршақтар 10-нан 80 данаға дейін құбылды.

**Түйін сөздер:** соя, далалық тәжірибе, егу, ұялап себу әдісі, өнімділік

### RESULTS OF FIELD EXPERIMENT CARRYING OUT ON SOWING METHODS OF “LISSABON” SOY SEEDS IN TAMBOV REGION

S. Khairullina, V. Kapustin, A. Balashov, S. Didorenko

The article presents the results of conducting field experiments on the study of soybean sowing methods.

Based on the analysis of modern technologies of soybean cultivation in various regions and patent literature [1-5], we proposed a dotted-interrupted, so-called nesting method of inoculation, in which the seeds are uniformly dotted in the nest in several pieces with a given distance between the nests in the groove. Field germination rises, and more amicable shoots appear at nesting seed placement in the groove, compared to dotted sowing.

Counting the number of beans on plant stems planted according to the studied schemes, variation in the number of beans with two grains according to layouts was found in the range of 30 to 44%, and the number of beans with three grains was noted by 52-66% of plants according to the schemes in question. The beans with one and four grains did not exceed 5%.

Two-seeded beans on one plant according to the layouts varied from 10 to 70 pieces, the three-seeded beans on one plant varied from 10 to 80 pieces by arrangement.

**Key words:** soybean, field experiment, sowing, nesting method, yield

МРНТИ: 68.39.01

**Б.Т. Кулатаев<sup>1</sup>, К.Х. Нуржанова<sup>2</sup>, Л.Б. Мұканова<sup>2</sup>, Н.Б. Бурамбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

<sup>2</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

<sup>3</sup>С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

### ҚОЙЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ МЕН КҮТІП-БАҒУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа:** Мақалада 7-9 айлық бордақылаудағы қозылардың оптимальды мөлшердегі және рационды азықтандыру нормасын құру арқылы, энергетикалық және минералдық азықтандыру сіңімділігін зерттеу нәтижелері көрсетілген. Қойды дұрыс азықтандыру мәселесінің маңызы өте зор. Дұрыс азықтандырылмаса, қойдың тіршілігін сақтау, олардан жүн, ет, сүт өнімдерін мол алу, буаз қойлардың іштегі төлін жақсы жетілдіру мүмкін болмайды. Қой тиісті норма бойынша жақсы азықтандырылса, берілген азық босқа ысырап болмайды.

*Азықты бір күн ішінде беру тәртібі, әржерде әртүрлі қолданылады. Кейбір шаруашылық бұл жөнінде тіпті ешбір ереже қолданбайды. Бұл тәртіпті қолданбаған шаруашылықта азықтың көбі босқа шығын болады. Кейбір азықтың қоректік заттары мол бола тұрсада, оны беру тәртібі дұрыс болмағандықтан, қойдың өнімділігін сақтау жөнінде айтарлықтай нәтиже шықпайды.*

**Түйін сөздер:** азық нормасы, протеин, рацион, бордақылау, қойлар

Қойды күзде бағудағы ең үлкен шарттың бірі – оның күнделікті өрісте жайылу уақытын неғұрлым ұзарта түсу болады. Алдыңғы қатарлы қой өсірушілердің тәжірбесі бойынша, бұл кезде қойдың бір күнде жайылатын уақыты 13-14 сағаттан кем болмауы тиіс, ауқатты жерлерді пайдалану қажет. Жайылымның қандайы пайдаланылса да, қойды тұздан тарықтырмау керек. Тұз жеп жүрген қойлар шөпті шабытты жеп, жылдам семіреді.

Қойға керекті қоректік заттардың мөлшерін анықтау-қойдың тұқымына, жынысына, жасына, тірілей салмағына, өнімділігіне, саулықтың буаз-қысырлығына және сол шаруашылықтың негізгі бағытына байланысты болады. Қой шаруашылығы Қазақстан мал шаруашылығының жетекші саласы болып келген, және солай бола береді. Оның себебі, қой негізінен жайылым малы [1]. Қазақстанның 180 млн. Га жуық табиғи жайылымын тек қой малы ғана тиімді пайдаланады. Соның нәтижесінде аталған саладан ең арзан жүн, ет, тері және басқа да өнімдер өндіріледі. Соңғы жылдарда дүние жүзінде ауыл шаруашылық ғылымдарының қатарына қой жөніндегі ғылым сан алуан жаңалықтарымен, жаңа технологияларымен, селекция әдістерімен байытылды. Оңтүстік-шығыс Қазақстан–еліміздегі ең ірі қой шаруашылықты аудандардың бірі. Республикада еліміздегі барлық қой санының үштен біріне жуығы шоғырланған. Республикамызда алдағы жылдары қой шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі көптеген ауқымды міндеттер белгіленген. Дүние жүзі халық шаруашылығында қой малының маңызы өте зор. Қой малы адамға қажетті көп түрлі өнім өндіретіндігімен қатар, биологиялық қасиеттеріне байланысты дүние жүзінің барлық континенттерінде өсіріледі. Сондықтан ең көп тараған үй малдарына жатады. Дүние жүзінің елдерінде үшінші мыңжылдықтың басында 620 –дан астам қой туқымдары, 1.300 млн қой малы өсіріледі. Мысалы, сапалы, өнімділігі жоғары қой шаруашлығы Австралияда (169 млн), Жана Зеландияда (62 млн), Улыбританияда (30 млн), қалыптасқан, дегенмен соңғы он – он бес жылда алдыңғы қатарға Қытай (200 млн), Үндістан (165 млн.), Аргентина, Оңтүстік Африка Республикасы, Түркия (50 млн.) шығып келеді [2, 3].

Қойлардың ас қорыту мүшесі қатаң азықтарды жақсы қорытуға және қоректік заттарды жақсы сіңдіруге бейімделген. Бұл ерекшелік қой ішегінің денесінен 30 ретке ұзындығымен байланысты, ал, бұл мүйізді ірі қарада- 20-22 ретке, шошқада -12 ретке, жылқыда-15 ретке ғана ұзын. Сонымен қатар қойлар жайылым малдары болғандықтан жайылымға өте қабілетті.

Қойларды азықтандыру және суару кезінде кедергі жағдайлар туып, үзіліс болған жағдайда көптеген қой тұқымдары қалыпты азықтандыру мен күтіп – бағу кезінде өз денесіне, құйрығына жиналған майларын пайдаланады. Қой малдарының өте құнды, бұл биологиялық ерекшелігі кез-келген қиыншылық жағдайлардан, әсіресе қыс мерзімінде қардың көп түсуі салдарынан т. Б. Себептер туған жағдайдан алып шығуға зор септігін тигізеді. Бұл майдың көп мөлшері құйрық омыртқасын бойлай және құйрыққа жиналады, бұған құйрықты және май құйрықты қой тұқымдары жатады. Бұл қасиет шөл және шөлейт қатаң табиғат жағдайында ұзақ уақыт бойы өсірудің нәтижесінде қалыптасқан. Қой шаруашылығы бұл аудандарда – көшпелі және жартылай көшпелі болғандықтан, малдар азық қоры мен су тапшылығына жиі, ұшырап отырады, әсіресе, жаз мерзімінде жайылымның күйіп кетуін, ол қыс мерзімінде қарлы – боран күндерді өткереді.

Бордақылау – малды сапалы ет пен майды көп алу үшін сояр алдында жемге байлап қолдан семірту. Бордақылау мерзімінің ұзақтығы түліктің түріне, малдың жасына, бастапқы салмағы мен қондылығына байланысты. Бордақылау қой өсіруде де жиі қолданылады. Қозыны 4,5-5 айлығынан бастап салмағы 40-60 кг-ға жеткенше бордақылайды. Биязы жүнді қойдың қозысын 8-8,5 айлығына, биязылау және қылшық жүнді тегене құйрықты қойлардың қозысын 7-7,5 айлығына дейін, етке соятын саулық, қошқар, ісектерді басында жайылымда семіртіп, кейін 1-1,5 ай қолда жемдеп бордақылайды.

Арнайы қой бордақылау кешендерінде қозы бордақылау 4-4,5 айлығынан 13-14 айлығына дейін жүргізіліп, салмағы 55-65 кг-ға жеткізіледі, алдын ала (1,5-2 ай бұрын) қырыққаннан кейін етке өткізіледі.

Оптималды мөлшердегі және рационды азықтандыру нормасын құру арқылы бордақылаудағы қозылардың тірілей салмағын көтері бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты 7-9 айлық бордақылаудағы қозылардың оптималды мөлшердегі және рационды азықтандыру нормасын құру арқылы, энергетикалық және минералдық азықтандыру сiңiмдiлiгiн зерттеу. Қойды дұрыс азықтандыру мәселесiнiң маңызы өте зор болады. Дұрыс азықтандырылмаса, қойдың тiршiлiгiн сақтау, олардан жүн, ет, сүт өнiмдерiн мол алу, буаз қойлардың iштегi төлiн жақсы жетiлдiру мүмкiн болмайды. Қой тиiстi норма бойынша жақсы азықтандырылса, берiлген азық босқа ысырап болмайды. Азық нормасы дегенiмiз – қойдың тiршiлiгiн сақтап, одан тиiстi өнiм алу үшiн жұмсалатын қоректiк заттардың анық жасалған мөлшерi болады. Азықтың қоректiлiгiн азық бiрлiгiмен есептелiнедi.

Төмендегi 1 және 2 кестелерде қойлардың қалыпты азық нормалары келтiрiлдi.

Кесте 1 – Қозысының санына қарай саулық қойға азық беру норма

Саулықтың тiрiлей салмағы (кг)	Жалқы қозылы қойға		Егiз қозылы қойға	
	Азық бiрлiгi	Сiңiмдi белогi	Азық бiрлiгi	Сiңiмдi белогi
40	1,45-1,55	139-140	1,60-1,80	145-165
50	1,60-1,70	135-150	1,70-1,90	150-175
60	1,70-1,80	145-160	1,85-2,05	160-185
70	1,80-1,90	150-165	1,85-2,15	165-190

Қозылар 15-20 күннен кейiн-ақ шөп жей бастайды. Бiр-бiржарым айдан соң олар шөптi көп жейдi, бұл кезде оны толық сiңiре алатын болады. Сол кезден бастап қозылар емуiн сиректете бередi. Сондықтан қозылары ересек қойға азық берудiң басқа нормасы қолданылады.

Кесте 2 – Қозылары ересек саулық қойға азық беру нормасы

Саулықтың тiрiлей салмағы (кг)	Азық бiрлiгi	Сiңiмдi белогi (г)
40	1,35-1,50	110-115
50	1,45-1,60	115-130
60	1,55-1,70	125-140
70	1,65-1,80	130-145

Қойды нормамен азықтандырудың өзгешелiгi бар. Қой басы көп сондықтан олардың әрқайсысын жеке-жеке азықтандыру өте қыйын болады және оның қажетi де жоқ. Тек аса бағалы тұқымдық әрбiр қошқарды ғана жеке азықтандыруға болады. Кейде көрмеге дайындалатын қойдың әрқайсысы да жеке нормамен азықтандырылады. Сондықтан қойды азықтандыру нормасы тек орта есептi мөлшер белгiлеп, қойға рацион жасау үшiн керек болады.

Денесiне барған қоректi заттар жеткiлiктi бола тұрса да, мұндай шөптi қойдың артық жейтiн себебi-азықтың көлемi аз болып, қойдың қарны тоймай қалуынан болады, ал нашар қойлар азықты олармен таласа жей алмайды, кейде тiптi өздерiнiң тиiстi нормаларын да пайдалана алмай қалады. Соның нәтижесiнде ондай қойлар тез арықтайды. Егер азық рационы бiрыңғай көлемдi азықтан жасалған болса, қойдың қарны қампыйып тойған сыяқтанғанымен, олардың iшiндегi қоректi заттары жеткiлiксiз болуы мүмкiн. Әрине, егер қой күнiне 3,5 – 4 кг шөп жей алатын болса, онда қандай нашар шөп болса да, оның сол мөлшердегi қоректi заттары жеткiлiктi болар едi. Бiрақ бiр қой күнiне ондай мөлшерлi шөп жей алмайды. Буаз қойға орта сапалы шөп және оған қоса жем бергеннен гөрi, жоңышқа берген көп пайдалы екенi көрiнедi. Егер жоңышқа жоқ болса, онда буаз қойларға ерте шабылып, уақытында жыйналған, қырдың майда көк шөбiн беруге болады. Мұндай шөп те буаз қойдың күйiн төмендетпейдi. Сапасы осындай пiшенi бар шаруашылықтарда, буаз қойға жем берудiң қажеттiгi де болмай қалады.

Қыстың бас кезiнде қойға пiшеннiң сапасы төмендеуi және сабан берiледi. Сондықтан бұларды қой жегенiнше берк қажет. Бiрақ қойдың жалпы күйiн тексерiп отыру керек. Егер қойлар қоңын төмендете бастаса, онда берiлiп жүрген азықтың iшiндегi қоректiк заттардың

жетімсіздігі болады. Онда сабанды рационнан шығарып, оның орнына сапалы шөп бере бастайды. Қойлар қыстың бас кезінде жүдейтін болса, кейіннен олардың (әсіресе саулықтардың) қоңын қайта көтеру өте қыйынға соғады. Қыстыгүні қой суару жұмысын да тиісті тәртіппен ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Уақытында су ішпеген қойлар, қар жейді. Таза, жұмсақ қардың зияны жоқ. Мұндай қар қойдың аузында еріп, ішіне су болып барады. Ал мұз араласқан қатты қарды жесе, ондай қар қойдың аузында еріп үлгірмейді де, ішіне мұз күйінше кетеді. Ішке барған мұз, қойды ауруға шалдықтырады. Соның салдарынан буаз қойлар іштастап та кетеді. Қойларды қыстыгүні су ішуге үйренген шаруашылықтар, оларды үзбей суарып отырады. Тәртіп бойынша, қой қыста күніне бір-ақ рет суарылады; тек қыста қоздаған қойларды ғана жылы сумен күніне екі рет суарған дұрыс болады. Қоздаған қойларды да тиісті ереже бойынша азықтандырады. Саулықтар қыстан күйлі шығып, дені сау, шыйрақ қозы тапқанмен, қоздағаннан кейін олардың сүті жеткілікті болмаса, қозыларды одан әрі жақсы жетілмейді. Сондықтан сүтін көбейту үшін, оларға қосымша қоректі заттар береді. Жоғарыда көрсетілген азық нормалары бойынша, қоздаған қойға берілетін азықтың жалпы қоректілігі, саулықтың қыс басындағы нормасынан екі есеге жақын жоғары болады, белок 2,5 есеге жақын артық беріледі. Саулық қойлар үшін ең жауапты кезең-қыстың екінші жартысы. Өйткені бұл кезде буаз қойлардың іштегі қозылары жылдам өсе бастайды. Іштегі қозыларының өсуімен байланысты, саулықтар қоңын төмендетпеу үшін, оларға бұрынғы азықтарының үстіне 25 пайыз азық бірлігі, 30 пайыз шамасындай белок қосып береді. Жоңышқа деген қойлардың қозылары өте сапалы және шыйрақ болып туады. Қой қоздаған кезде қар кетіп, күн жылынған болса, дала шөбін пайдалану өте пайдалы. Көктемгі көк шөп қойға өте жұғымды келеді. Жайылым отын пайдаланған уақытта қоңы жақсы, сүті жеткілікті қойларға жем бермесе де болады. Биязы жүнді қойды қоректі азықтармен тиісті мөлшерде қамтамасыз етумен қатар, азықты күнделікті беру тәртібін сақтау өте зор маңызды орын алады. Шаруашылықтың көбінде, биязы жүнді қойлардың қыстыгүні негізгі азықтары шөп пен сабан болады. Азықтың қайсысын қай ретте және қай мезгілде беру қолайлы екендігі жоғарыда айтылды.

Азықты бір күн ішінде беру тәртібі, әржерде әртүрлі қолданылады. Кейбір шаруашылық бұл жөнінде тіпті ешбір ереже қолданбайды. Бұлай ету, әрине дұрыс емес. Бұл тәртіпті қолданбаған шаруашылықта азықтың көбі босқа шығын болады. Кейбір азықтың қоректік заттары мол бола тұрсада, оны беру тәртібі дұрыс болмағандықтан, қойдың өнімділігін сақтау жөнінде айтарлықтай нәтиже шықпайды.

#### **Әдебиеттер**

1. Сабденов Қ.С., Абдуллаев М., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығының технологиясы.- Астана. – 2003. – 40 б.
2. Ермеков М.Ә., Голоднов А.В. Қазақстанның құйрықты қойлары. – Алматы: Қайнар. – 1977. – Б.50-55
3. Әдекенов М., Нұрғалиев Ә. Етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығының рентабельділігі – Алматы:Қайнар. – 1976. – Б.70-72

#### **ОСОБЕННОСТИ КОРМЛЕНИЯ И СОДЕРЖАНИЯ ОВЕЦ, РАЗВОДИМЫХ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ ХОЗЯЙСТВА**

Б.Т. Кулатаев, К.Х. Нуржанова, Л.Б. Муканова, Н.Б. Бурамбаева

*В статье приводятся результаты исследований по определению оптимальной нормы и рациона кормления 7-9-месячных ягнят на откорме и усвоение ими энергетических и минеральных веществ. Правильное кормление овец имеет большое значение. Если не правильно кормить овец, то получить от них большое количество мясной, шерстной, молочной продукции проблематично, у беременных маток наблюдается нарушение эмбрионального развития плода.*

*Ежедневное кормление овец в разных хозяйствах осуществляется по разному. В некоторых хозяйствах не придерживаются никакого режима кормления. В таких хозяйствах расход кормов большой, а отдача маленькая. Даже если корма содержат большое количество питательных веществ, не правильный режим кормления ведет к снижению продуктивности овец.*

**Ключевые слова:** кормовая норма, протеин, рацион, откорм, овцы.

## FEATURES OF THE FEEDING AND HOUSING OF SHEEP BRED IN THE MODERN CONDITIONS OF THE ECONOMY

B. Kulataev, K. Nurzhanova, L. Mukanova, N. Burambayeva

*The article presents the results of studies to determine the optimal rate and diet of 7-9-month-old lambs on fattening and absorption of energy and minerals. Proper feeding of sheep is of great importance. If it's not right to feed sheep, to obtain from them a large quantity of meat, wool, dairy products problematic in pregnant ewes there is a violation of embryonic development of the fetus. Daily feeding of sheep in different farms is carried out in different ways. Some farms do not adhere to any feeding regime. These farms feed consumption is large, and the returns small. Even if feeds contain large amounts of nutrients, not the right feeding regime leads to a decrease in the productivity of sheep.*

**Key words:** feed rate, protein, diet, fattening, sheep

FTAXP: 68.39.19

**А.М. Нусупов<sup>1,2</sup>, А.А. Самбетбаев<sup>2</sup>, Б.Ж. Кожебаев<sup>1</sup>, Л.А. Пономарева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.

<sup>3</sup>«Камышинское» шаруа қожалығы, Шемонайха ауданы, ШҚО

### «ЕРТІС» ТИПТІ БУДАН СИММЕНТАЛ ТҮМСА СИЫРЛАРЫНЫҢ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП ЖЕТИЛУІ

**Аңдатпа:** Мақалада Шығыс Қазақстан обылысы Шемонайха ауданы Камышенко ауылындағы «Камышинское» шаруа қожалығында өсірілетін қазақстандық сүтті бағыттағы қызыл ала «Ертіс» типті будан симментал (Симментал х айршир х голштин) сиырларының сүт өнімділіктерін жоғарлату мақсатында жүргізілген, сонымен қоса, симментал тұқымды малдарының өзіндік қасиеттерін жоғалтпау мақсатында сүтті бағыттағы қызыл-ала голштин және етті-сүтті бағыттағы таза симментал бұқаларының ұрықтарымен қолдан ұрықтандырғанда алынған будан ұрғашы төлдерін туған кездерінен бастап, он сегіз айлық жастарына дейінгі аралықтағы өсіп жетілулеріне байланысты тірі салмақтарының өзгерулерінің нәтижелері келтірілген. Зерттеу барысында будан төлдердің тірі салмақтарының динамикасы, абсолютті өсу салмақтары, орташа тәуліктік салмақ қосулары, сондай-ақ, салыстырмалы салмақтарының да нәтижелері салыстырылып қарастырылған.

**Түйін сөздер:** тірі салмақ, орташа тәуліктік салмақ, абсолюттік салмақ, салыстырмалы салмақ.

**Өзектілігі.** Қазақстан аумағында сүтті және сүтті-етті бағыттағы сиыр малдарының бірнеше тұқымдары республикамыздың әр аймақтары бойынша таралған. Солардың ішінде Европа мен Азияның көптеген елдерінде кеңінен таралған көне тұқымдардың бірі симментал тұқымды малдары болып келеді.

Бұл тұқымды малдарының отаны Швейцария болып табылады. Қазақстанда бұл малдар негізінен солтүстік, шығыс, және орталық аудандарда кеңінен таралған. Симментал тұқымды малдары ет өнімділігінің жақсы көрсеткіштері мен қоса жоғары дәрежелі сүт өнімділігімен де сипатталады. Осындай өнімділік көрсеткіштеріне байланысты Шығыс Қазақстан обылысындағы шаруа қожалықтарында бұл малдарды көптеп ұстауда.

Симментал тұқымды малдарының сүт өнімділіктерін жоғарлатып, сонымен қоса желіндерінің морфо-функционалдық құрылымдарын жақсарту мақсаттарында 80 жылдардан бастап, тұқымды түрлендіру үшін жүргізілген кең көлемді селекциялық жұмыстарының нәтижесі үш тұқымды (симментал х айршир х голштин) қазақстандық сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типті будан симментал малдары болатын.

Бұл малдар Шығыс Қазақстан обылысындағы «Е.Зайтенов» және «Камышинское» сияқты ірі шаруа қожалықтарында кәзіргі таңда көптеп өсірілуде. «Ертіс» типті будан

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

#### ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

<b>Б.К. Асенова, Ф.А. Калиева, А.Н. Нургазезова</b> ӨСІМДІКТІ АҚУЫЗДЫ КОМПОНЕНТТЕР ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ҚҰС ЕТІНЕН ПАШТЕТ АЛУ.....	3
<b>С.Б. Байтуkenова</b> ТЕХНОЛОГИЯ ПРОИЗВОДСТВА КИСЛОМОЛОЧНОГО ПРОДУКТА ИЗ КОБЫЛЬЕГО МОЛОКА	6
<b>С.Б. Байтуkenова, Ш.Б. Байтуkenова, А.А. Раметтуллаева</b> РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ ФАРШЕВЫХ ИЗДЕЛИЙ С КАЛЬЦИЙСОДЕРЖАЩИМИ КОМПОЗИЦИЯМИ ЖИВОТНЫХ БЕЛКОВ.....	9
<b>A. Zhanys, M. Baizhumanov, A. Rakhim</b> INFORMATION AND COMMUNICATION IN AGRICULTURE TECHNOLOGIES.....	13
<b>А.Б. Жаныс, А.Ж. Жанатхан, М.Ғ. Есмағанбет</b> ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕПТЕРІНДЕ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРҒА АРНАЛҒАН Delphi ТІЛІНДЕ ВИРТУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ.....	17
<b>А.Б. Жаныс, Т.Е. Кулшыманов</b> РАЗРАБОТКА ПО НА ПЛАТФОРМЕ ADOBE FLASH.....	21
<b>А.Б. Найзабеков, С.Н. Лежнев, А.С. Арбуз</b> ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ РАДИАЛЬНО-СДВИГОВОЙ ПРОКАТКИ НА МИКРОСТРУКТУРУ И МЕХАНИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА НЕРЖАВЕЮЩЕЙ СТАЛИ АУСТЕНИТНОГО КЛАССА AISI-321.....	25
<b>М. Тасыбек, А.А.Қадірбаева, Ж.К.Джанмулдаева</b> СУЛЬФОКӨМІР: ҚОЛДАНЫЛУЫ, ҚАСИЕТІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	30
<b>Б.С. Туганова, И.М.Мироненко</b> ЧЕДДЕРИЗАЦИЯ ПРОЦЕССИ: ІРІМШІК ДӘМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ .....	33
<b>А.С. Камбарова, А.Н. Нургазезова, Г.Н. Нурымхан, Ж.М. Атамбаева</b> КҮРКЕТАУЫҚ ЕТІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ.....	38
<b>Р.М. Искаков, Г. Нұрсейтова</b> ВЫЯВЛЕНИЕ ТЕНДЕНЦИЙ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ МОЛОТКОВ ДРОБИЛОК ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ КОРМОВ .....	42
<b>Р.М. Искаков, Г. Нұрсейтова</b> АНАЛИЗ РЫБОКОСТНОГО СЫРЬЯ ДЛЯ ПРИГОТОВЛЕНИЯ КОРМОВ.....	47
<b>А.М. Төлеубай, Ф.Х. Вильданова</b> АНАЛИТИКАЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАР КӨМЕГІМЕН КОНФОРМДЫ БЕЙНЕЛЕУ.....	52
<b>С.И. Мендалиева</b> ВЫБОР ПАРАМЕТРОВ РЕЖИМОВ ОБРАБОТКИ С УЧЕТОМ ФАКТИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ОБОРУДОВАНИЯ.....	58
<b>И.Р. Киреев, В.Б. Барахнина, Ж.К. Шуханова, А.Ж. Адылканова</b> УМЕНЬШЕНИЕ ВТОРИЧНОГО УНОСА В ЭЛЕКТРОФИЛЬТРЕ УСТАНОВКИ РЕГЕНЕРАЦИИ ОТРАБОТАННОЙ СЕРНОЙ КИСЛОТЫ.....	62
<b>Ш.Р. Курбанбеков, М.Т. Айдарова, О.А. Степанова, А.Н. Бахтибаев</b> ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОРБЦИОННЫХ СВОЙСТВ МАТЕРИАЛА НА ОСНОВЕ СИСТЕМЫ Ti-AI-Nb	68



<b>А.А. Булекова, Т.А.Булеков, Ж.М.Гумарова, Р.Х.Сапарова</b> ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЛЫВАНИЕ СОРГО В УСЛОВИЯХ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА.....	286
<b>А.А. Булекова, Р.Х. Сапарова, Т.А. Булеков</b> АГРОЭКОЛОГИЯ КОРМОВЫХ КУЛЬТУР В УСЛОВИЯХ СУХОСТЕПНОЙ ЗОНЫ ПРИУРАЛЬЯ	289
<b>Н.О. Коржикенова, О.Д. Игликов, М.А. Байкишева, М.Б. Сагинбаева</b> ИЗМЕНЕНИЕ ЖИВОЙ МАССЫ И ПЕРЕВАРИМОСТЬ ПИТАТЕЛЬНЫХ ВЕЩЕСТВ КОРМА У БЫЧКОВ ПРИ СКАРМЛИВАНИИ РАЗНОСТРУКТУРНЫХ РАЦИОНОВ.....	293
<b>С.Г. Хайруллина, В.П. Капустин, А.В. Балашов, С.В. Дидоренко</b> РЕЗУЛЬТАТЫ ПРОВЕДЕНИЯ ПОЛЕВОГО ОПЫТА ПО СПОСОБАМ ПОСЕВА СЕМЯН СОИ СОРТА «ЛИССАБОН» В ТАМБОВСКОЙ ОБЛАСТИ.....	297
<b>Б.Т. Кулатаев, К.Х. Нуржанова, Л.Б. Муканова, Н.Б. Бурамбаева</b> ҚОЙЛАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ МЕН КҮТІП-БАҒУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	302
<b>А.М. Нусупов, А.А. Самбетбаев, Б.Ж. Кожебаев, Л.А. Пономарева</b> «ЕРТІС» ТИПТІ БУДАН СИММЕНТАЛ ТҰМСА СИЫРЛАРЫНЫҢ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП ЖЕТІЛУ...	306
<b>Д.А. Досманбетов, Б.Т. Мамбетов, К.Т. Абаева, Б.Д. Майсупова</b> ИССЛЕДОВАНИЕ ДИНАМИКИ ВЛАЖНОСТИ ПОЧВЫ ПОД СЕМЕННИКАМИ САКСАУЛА ЧЕРНОГО .....	310
<b>Б.Т. Мамбетов, Б.Д. Майсупова, Д.А. Досманбетов, Д.К. Нугманов</b> АНАЛИЗ ПРОВЕДЕННЫХ МЕРОПРИЯТИЙ ПО ОЗЕЛЕНЕНИЮ ОБЪЕКТОВ ОБЩЕГО ПОЛЬЗОВАНИЯ (ПАРКИ, СКВЕРЫ, БУЛЬВАРЫ, РОЩИ И Т.Д.) ПО Г. АЛМАТЫ.....	314
<b>А.В. Шпехт, Н.Б. Бурамбаева, К.Х. Нуржанова</b> ВЛИЯНИЕ КОРМОВОЙ ДОБАВКИ «АКТИФИБРА» НА ЖИВУЮ МАССУ РЕМОНТНЫХ ТЕЛОК В УСЛОВИЯХ СЕВЕРО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА.....	318
<b>Р.Б. Шпехт, Н.Б. Бурамбаева, К.Х. Нуржанова</b> ВЛИЯНИЕ НОВЫХ КОРМОВЫХ ДОБАВОК НА ПРОДУКТИВНОСТЬ ДОЙНЫХ КОРОВ И КАЧЕСТВО МОЛОКА В УСЛОВИЯХ СЕВЕРО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА.....	321

## **ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**

### **ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ**

<b>Н.В. Валитова</b> ТЕРАПЕВТИЧЕСКАЯ И БИОЛОГИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ ФИТОПРЕПАРАТА ДЛЯ ЛЕЧЕНИЯ АСКОСФЕРОЗА ПЧЕЛ.....	325
<b>Д.М. Муратбаев, З.К. Токаев</b> ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЕ ГОМЕОПАТИЧЕСКИХ ПРЕПАРАТОВ ДЛЯ ЛЕЧЕНИЯ БОЛЕЗНЕЙ ЯИЧНИКОВ У КОРОВ МОЛОЧНОГО НАПРАВЛЕНИЯ ПРОДУКТИВНОСТИ.....	329
<b>Ж.Ж. Бименова, P.Sobiech, Е.С. Усенбеков</b> ЭТИОЛОГИЯ ИММУННОГО БЕСПЛОДИЯ У КОРОВ И СОДЕРЖАНИЕ ИММУНОГЛОБУЛИНОВ IgG, IgM, IgA В СЫВОРОТКЕ КРОВИ .....	332
<b>Ш.К. Сулейменов, С.Т. Дюсембаев</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖЫЛҚЫ ПАРАСКАРИДОЗЫНЫҢ ТАРАЛУЫ.....	337
<b>А.Т. Бактығалиева</b> МИКРОСТРУКТУРА ДВУГЛAVOЙ МЫШЦЫ БЕДРА (M. BICEPS FEMORIS) ТАЗОБЕДРЕННОГО ОТРУБА ПОДОПЫТНЫХ ЖИВОТНЫХ.....	341

Басуға жіберілген күні 01.10.2018 ж. Пішімі 60x84 1/8  
Шартты баспа табағы 26,6  
Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

---

Техникалық редакторы: Евлампиева Е.П.  
Маман: Семейская З.Т.  
Безендіруші: Мырзабеков С.Т.

Журнал 19.09.2013 жылдан Қазақстан Республикасының мәдениет және  
ақпарат министрлігінде тіркелген.  
Куәлік № 13882-Ж  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмері мен мерзімі № 1105-Ж, 10.03.2000 ж.  
Жылына 4 рет шығады.

Құрылтайшысы: «Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті»  
Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің  
баспаханасында басылды.

---

Редакцияның мекен-жайы: 071412, Шығыс Қазақстан облысы,  
Семей қаласы, пр. Шакарима, 42  
Тел.: (8-7222) 56-70-83, эл.почта: [rio@semgu.kz](mailto:rio@semgu.kz)